Балалар
жылы
2022

№4 (52) Желтоқсан 2022

Қазақстан балалары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

74 25 28

АСТАНА Қ. КОДЫ:
8 (7172)

Қымбатты дос!

Сенім телефоны арқылы көмектесу құпия және тегін!

Әрбір адам өмірінде қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Сенім телефоны сізге көмек қолын созып, қандай жағдай болмасын, тығырықтан шығар жолды табуыңызға көмектеседі. Сенім телефонының көмегіне балалар да, ересектер де жүгіне алады. Әрбір адамның арыз-шағымы тыңдалып, білікті маманның кеңесі беріледі.

Барлығымыздың да көңіл-күйіміз сәт сайын өзгеруі мүмкін, қуаныш пен бақыттан бас айналып, артынша, өмірден баз кешіп кете жаздайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан да маманмен кеңесіп тұрған абзал, соның көмегінің арқасында дау-дамайдың және ойланбай істеген олқылықтардың алдын ала аласыз.

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен телеграмм мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді. Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында 24/7 режимінде Balaqorgaubot2.0 телеграм-боты іске қосылды. Балалардың қауіпсіздігі мен амандығы біздің қолымызда!

BALAQORGAUBOT2.0

8 (7172) 74 25 28

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

СІЗГЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

Қымбатты оқырмандар – білімге құштар оқушылар, ұлағатты ұстаздар мен құрметті ата-аналар!

Қымбатты оқырмандар – білімге құштар оқушылар, ұлағатты ұстаздар мен құрметті ата-аналар!

Міне, биылғы төртінші санымыз да жарыққа шығып, өздеріңізге жол тартты. Баршаңызға белгілі, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялап, «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек» деген болатын. Осы орайда жыл бойы нендей іс атқарылғанын сараптауға тырыстық. Ол туралы «Балалар жылы»: маңызды мәселелер, кешенді шаралар және қорытынды» атты мақаламыздан оқи аласыздар. Сонымен қатар «Казахстан – территория счастливого детства: огромное желание, большие возможности» мақаласынан да қосымша ақпарат табасыз.

Түркістан облысы – өңіріміздегі жас облыстардың бірі, сондықтан өңірдегі жаңалықтарды жариялап, істеліп жатқан жұмыстарды көпке насихаттауды жөн көрдік. Осы орайда қойнауы тарихқа, табиғаты байлыққа толы Оңтүстік Қазақстан облысы оқушылары туристік-өлкетану қызметін қалай пайдаланып, қандай жұмыс атқарылғанын «Қосымша білім беру жүйесін дамытудағы туристік-өлкетану қызметінің маңызы» атты мақаладан оқи аласыз. Тарих демекші, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Балалар жылы аясында жергілікті телеарнадан «Күлтегін» зияткерлік телебағдарламасын ұсынып, әр ауданнан жиылған бір топ дарынды балалардың білімін шыңдап, нағыз дүлдүл топты анықтамақ. Толығырақ «Күлтегін» зияткерлік ойыны – Түркістан жастарын білімге баулыған телебағдарлама» атты мақаласында жаздық.

Біздің ғасырымыз – мүмкіндіктер мен технологиялар ғасыры. Әрбір ұстаз жаңашыл болуға тиіс, сондай жандардың бірі – Ғалия Баитова. Ол мектеп жанындағы шағын орталықтағы ұстаздармен бірлесіп, мөлдір мольбертке сурет салу әдісін ойлап тауып, қолданысқа енгізген. Автор пайдалы әдіс жайлы «Мөлдір әйнек – мөлдір керемет» деген мақаласында толығырақ тарқатқан.

Жер жүзінде тумысынан ерекше, бірақ жігерлі, жүрегі кең жандар көп, әлем сондай жандардың арқасында ғажап қалпын сақтап тұр. Он екі жасар түркістандық Розахмет Валив ауыр дертіне қарамастан, күмістей сыңғырлаған керемет даусымен өмірге шексіз ғашықтығын, қайсарлығын, адамдарға күш берер қабілетін көрсетіп жүр. Жұдырықтай жүрек иесі жайлы «Көпке жігер сыйлаған күміс көмей Розахмет» мақаласынан оқи аласыздар.

Иә, алда жаңа белес – жаңа мүмкіндік. Баршаңызға Жаңа жыл құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, шаңырағымыз биік болсын деп тілеймін.

Қазақстан балалары

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ /
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
№4 (52) Декабрь 2022

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
БАЙБУЛЕКОВА Л.А., кандидат экономических наук, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:
ОСПАНОВА Н.Ж.
ПАУЛИ Э.С.
ЖЕКЕБАЕВ Д.Ш.
МАКТАЕВА Д.Т.
ИБРАЕВА С.А.
ИСМУХАНОВА Л.И.
МАКУЛБЕКОВА А.Е.

ФОТО, ДИЗАЙН И ВЕРСТКА:
ВЕРОВСКАЯ Ю.В.

КОРРЕКТОРЫ:
БЕКБЕРГЕНОВА Б.И.
СЕДИНА Т.В.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
A15A0E6, г. Алматы, бульвар
Бухар Жырау, 27/5, оф. 589
Тел.: +7 (7272) 322-401
Email: info@reindeer.kz

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА:
Республиканское государственное учреждение «Комитет по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан»

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ИЗДАНИЯ ЖУРНАЛА:
один раз в квартал

Регистрационное свидетельство № 10900-Ж от 30 апреля 2010 г., выдано Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

За точность фактов и достоверность информации ответственность несут авторы материалов.

Отпечатано в ТОО «Reindeer Advisory»
Заказ № 4
Тираж 100 экз.

www.qazaqstanbalalary.kz

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫ»: МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР, КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

Оспанова Насымжан Жамбековна

Председатель Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялап, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қажетті кешенді шараларды қолға алуға тапсырма берді. Президент «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп нақты ескерткен болатын. Осы орайда биыл атқарылған игілігі мол істердің қорытындысын шығарып, бірқатар жарқын жетістіктерді тізбектеп өтуді жөн санадық.

«Балалар жылы» туралы айтпас бұрын осыған дейінгі хал-ахуалға тоқтала кетейік. Соңғы 5 жыл ішінде елімізде балалар саны 832 367-ге өсті. Жыл сайын туу көрсеткіші де артып келеді. Мысалы 2018 жылы елімізде 397 947 нәресте дүниеге келсе, 2021 жылы 446 491 бала туған. Ал 10 жыл ішінде

мектепке дейінгі ұйымдар желісі 3515 бірлікке ұлғайды. Сондай-ақ осы уақыт аралығында апатты жағдайда тұрған мектептер саны 1516-ға азайып, қазір олардың саны 56-ға жеткен. Бұдан бөлек жеке-мемлекеттік әріптестік аясында ашылған мемлекеттік емес мектептер саны 555-ке жетті. Қосымша білім беру ұйымдарының (мектептен тыс мекемелер) желісі де 1044 бірлікке ұлғайып, қазір 1665-ке жетті. Сондай білім ошақтарында қазір 1 миллионнан астам бала білім мен тәрбие алып жатыр.

Тағы да бір айта кетерлік жағдай, елімізде 3 жыл ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың саны 18 ұйымға азайды. Жыл сайын Қазақстан азаматтары 1 мыңнан астам жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алады. 3 жыл ішінде тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны 22 288 балаға өскенін де қуанышпен айтуға болады. Соңғы 7 жыл ішінде кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар саны 1814 фактіге азайғанын да айтпасқа болмайды.

Балалардың хал-ахуалын қамтамасыз ету – мемлекеттің маңызды міндеті

Өскелең ұрпаққа қамқорлық таныту – бұл еліміздің адами ресурстарының сапасының артуына, халқымыздың болашағына құйылған ауқымды қазына. Қазақстан балаларының хал-ахуалының деңгейі, олардың білім алу мен құқықтық жағдайы басты назарда. Соған биыл Президент жариялаған «Балалар жылы» дәлел.

Осыған орай еліміз бойынша 7 бөлімнен және 66 іс-шарадан тұратын республикалық кешенді жоспар бекітілді. Республикалық жоспардан бөлек 17 өңірлік, 280 аудандық және қалалық, сондай-ақ білім беру ұйымдарының жоспары қабылданды. Бұл жоспар балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ерекше маңызды аспектілерін қамтыды. Яғни еліміздегі әр бала білімге, медициналық қызметтерге, әлеуметтік қамсыздандыруға қол жеткізу үшін барынша жағдай жасалды. Сонымен «Балалар жылы» жоспарланған 7 бағыт бойынша жүзеге асқан бірқатар жобалар туралы айта кетейік.

Білімді бала – ел болашағы

Мұндағы басты мақсат – балалардың сапалы білім алу және тұлға ретінде даму құқықтарын іске асыру, оқу-тәрбие процесінде тәрбие компонентін күшейту. «Балалар жылы» оқушыларды шығармашылық пен спорт жағынан мемлекеттік тапсырыс ұлғайғанын айта кеткен жөн. Нәтижесінде бүгінгі күні 4 жастан 17 жасқа дейінгі 458 мыңнан астам бала мен жасөспірім 14652 спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге тегін барып жүр.

Алғаш рет Халықаралық зияткерлік, шығармашылық, спорттық олимпиадалардың 100 жеңімпазы мен жүлдегерлері «конкурстан тыс» қағидаты бойынша отандық жоғары оқу орындарының гранттарын алды. Сондай-ақ тұңғыш рет беделді халықаралық зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар табысталды. Маңызды айта кететін жайт, сыйлықтар олардың мұғалімдеріне де берілді.

Бірінші рет білім сапасындағы алшақтықты азайту мақсатында 500 мың оқушыны қолдауға бағытталған «Цифрлық мұғалім» жобасы енгізілді. Республиканың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс 45 мың орынға ұлғайтылды. Бұл іске де мемлекет тарапынан қаржылай қолдау тапты.

Колледжге түсушілер үшін алғаш рет жағдайлар жасалды деуге болады. Мәселен оқуға түсу емтихандары алынып тасталды. Енді талапкер 4 колледжді және 4 мамандықты өзі таңдайды, ал қабылдау квотасының тізбесі 9 санатқа дейін кеңейтілді. Олардың арасында 1, 2 топтағы мүгедек балалар, ауыл жастарының балалары, қандас, жетім балалар, көп

балалы отбасылардан, толық емес отбасылардан, қоныс аударушылар, мүгедек-балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар бар екеніне ерекше айта кетейік.

Қазіргі кезде оңтайлы да орайлы «Оқуға құштар мектеп» жобасы да іске асып жатыр. Бұл жоба аясында мектеп кітапханалары оқырмандарының саны 213 мың 861 балаға көбейді. Көркем әдебиет қоры 3 миллион 654 мың данаға ұлғайды. Бұдан бөлек еліміздің мектептерінде 1656 coworking-орталығы ашылды. Жалпы білім беру ұйымдары кітапханаларының материалдық-техникалық базасы жақсарғанын атап өткен жөн.

Бүгінгі күні балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, олардың мәдени-демалыс орталықтарына тегін кіруін қамтамасыз ету мақсатында зияткерлік, танымдық іс-шаралар өткізіледі. Мұражайлар бойынша экскурсиялар, театрлардағы балаларға арналған спектакльдер жаңартылады, түрлі шығармашылық конкурстар мен фестивальдар ұйымдастырылды. «Балалар жылы» аясында «Үздік мектеп медиаторы-2022», «Astana Piano Passion», «Qazaqstan дауысы», «Жыл оқушысы – 2022», «Шежіре: менің тегімнің тарихы» , «Балаға лайық», «Айбын», «Жас құтқарушы» және т.б. республикалық конкурстар өткізілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге естелік сыйлықтар табысталды.

Отбасы – қауіпсіз мекен

Дана халқымыз «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді. Бұл саладағы басты міндет – баланы отбасында тәрбиеленуге жағдай жасау, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды дәріптеу.

Осыған орай жекелеген санаттағы білім алушыларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесі өзгертілді. Осы жылдан бастап алғаш рет ата-аналардың шотына бір балаға 37-40 мың теңге мөлшерінде сома аударылатын болады.

Балалар жылы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген бастауыш сынып оқушыларының саны 10 пайызға өсіп, 607 318 балаға жетті. «Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларды әлеуметтік және психологиялық қолдау» жобасы іске асырылып жатыр. Жоба балаларға, қоғамдағы психологиялық және әлеуметтік бейімделуге, мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдерге көмек көрсетуге бағытталған.

Дені сау бала – ұлт келешегі

Балалардың, мүгедек балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балалардың денсаулығын нығайту мен қорғау құқықтарын іске асыру өте маңызды. Осы тұста 2022-2024 жылдары балаларға арналған онкологиялық және гематологиялық көмегін жетілдіру жөніндегі жол картасы әзірленіп, бекітілді. Барлық жаңа туған нәрестелерде және ерте жастағы балаларда (6 жасқа дейін қоса алғанда) есту қабілетінің бұзылуын уақтылы анықтау мақсатында аудиологиялық скрининг жүргізіледі.

Жасөспірімдердің денсаулығын жақсарту, аурулардың алдын алуды және уақтылы анықтау мен емдеуді қамтамасыз ету және дене дамуын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында жаңа туған балалардан бастап 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер міндетті түрде медициналық тексеруден өтуі тиіс.

Еліміздің медициналық ұйымдарының деректері бойынша жылжымалы медициналық кешендердің қызметтерімен 1530 елді мекен қамтылып, ауылдың 254 410 баласына қызмет көрсетілді. «Балаға лайық» республикалық акциясы арқылы мектеп асханалары мен санитарлық тораптардың жай-күйі ерекше бақылауға алынғанын айта кетейік.



Қазақстан – баласын жетімсіретпеген ел

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау назардан еш уақыт тыс қалған емес. Елімізде 22 692 жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бар. Оның ішінде 18 616 бала Қазақстан азаматтарының отбасыларында тәрбиеленіп жатыр. соңғы уақытта балалар үйлері тәрбиеленушілерінің жалпы контингентінің төмендеуі байқалады. Бұл өте қуанышты жағдай, себебі 2018-2022 жылдары балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің саны 5044-тен 4076 балаға дейін қысқарды. Ал балалар үйлерінің желісі 119-дан 89-ға дейін азайды.

Жайлы мекен – жайлы білім

«Білімнің кілті – мектепте» деген қағидат бойынша балалар үшін инфрақұрылымды және балалар индустриясын дамыту бойынша елімізде алғаш рет «Балалардың хал-ахуал индексі» әзірленіп, бекітілді. Жергілікті атқарушы органдар қалалар мен елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуда аулаларды, балалар мен спорт алаңдарын реконструкциялауға ерекше назар аударады.

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы іске қосылуда. Оның мақсаты – апатты мектептерді, 3 ауысымды оқытуды және республика мектептеріндегі оқушы орындарының тапшылығын жою. 2026 жылға дейін 842 мың жаңа оқушы орнына арналған 401 мектеп пайдалануға беріледі.

Биылғы жылы Мемлекеті басшысы өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасын бастады. Алғаш рет мектеп автобустарының автопаркі ауқымды түрде жаңартылды. Әр өңірдің әкімдіктері 515 мектеп автобусын сатып алды.

Балаларды қорғау – басты міндет

Қазіргі кезде барлық білім беру ұйымдарында «Bala Qorgau» жобасы бойынша QR-коды бар тақтайша орналастырылған. Сайт мектепте, үйде және сыртта қиындықтарға тап болған мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына көмектесуге арналған.

Мектеп дәретханалары мен асханалардың мониторингі бойынша «Балаға лайық» акциясы да іске қосылды. Акция «Мектептің жақсаруына көмектес!» лозунгімен өтіп жатыр. Мониторинг жазалау үшін емес, мектептерді қажетті жағдайлар жасауға бірге баулу үшін жүргізіледі, бірінші кезекте балаларға арналған.

«BALA_TIME.KZ» – балалық шаққа саяхат

XXI ғасыр – жаңа технология мен білім алудың ең маңызды кезеңі. «Балалар жылы» аясында «Дана бала» деген балалар әдебиетінің веб-сайты (www.danabala.kz) 100 кітаппен толықты. Бұл жерден кез келген оқушы ертегілер, көркем пен танымдық әдебиетті оқи алады. Бұдан бөлек отандық телеарналарында балалар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған 10-нан астам арнайы телевизиялық жоба жұмыс істеп жатыр.

Балалар жылы – жарқын жетістіктердің жаршысы

Биылғы жылдың ең басты жаңалықтың бірі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 18 жасқа дейінгі балаларға арналған

бағдарламасы. Осылайша «Балалар жылы» аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты түбегейлі жаңа бағдарламаны бастау алды. Бұл дегеніңіз – Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың әлеуметтік жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз 18 жасқа толғанға дейін аударылып отырады.

Жаңа бағдарламаға сәйкес, кәмелетке толғаннан кейін әр азамат жинақталған соманы тұрғын үй сатып алуға және білім алуға жұмсай алады. Мектеп тәмамдап, оқу ордасынан түлеп ұшқан жасөспірім үшін арналған мұндай керемет бағдарлама жаңа өмір бастауға таптырмас мүмкіндік. Себебі мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан бітірушінің ендігі кезектегі бар ой-арманы – жақсы мамандық игеру және үйлі болу. Ал аталмыш бағдарламаның тәртібіне сәйкес, мемлекет ұсынған қаражат 18 жасқа дейін АҚШ долларында жинақталады. Сондықтан ол уақытқа дейін әр баланың шотында қомақты қаражат болатыны сөзсіз. Президент ұсынған бұл бастама 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылады.

«Балалар жылы» аясында бір жыл ішінде толағай істің басы қайырылып, жарқын келекшектің жоспары айқындала бастады. Бар жақсылықты баласынан аямаған дана халқымыздың бұл ұстанымы болашаққа бағытталған стратегиялық құнды қазынасы. Сондықтан осы ортақ идея аясына топтасып, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамып, зейін де зерек болып өсуіне мемлекет барынша қолдау көрсетіп жатқаны анық.

Болашақтың тұтқасы балалардың қолында екенін дана халқымыз баяғыдан білген. Сол себепті де «Тарыдай болып кіріп, таудай болып» шығаратын мектептің, білім ордасының бұл істегі маңызын айтаса да түсінікті. «Балалар жылыны» осындай дер кезінде жариялануы да содан болар. Биыл қолға алынған игі шаралардың әлі талай жетістікке апаратыны сөзсіз!



КАЗАХСТАН – ТЕРРИТОРИЯ СЧАСТЛИВОГО ДЕТСТВА:
огромное желание, большие возможности

Петренко Елена
директор КГУ «Региональный центр психологической
поддержки и дополнительного образования»
Управления образования акимата
Костанайской области

Занятие любимым делом – важный стимул развития для любого ребенка. Вовремя заметить и направить его в правильное русло – дать путевку в жизнь. Специальные навыки и полученные знания способны сформировать личность будущего профессионала, достаточно лишь поддерживать и верить в него больше, чем он сам. Для этого нужно давать детям возможность проявлять себя на дополнительных уроках. В Костанайской области ведется активная работа по привлечению детей к дополнительному образованию, а в 2022 году, объявленном Президентом Годом детей, – она приобрела новый оттенок.

Популярность дополнительного образования год от года неуклонно растет. По статистике, в этом учебном году охват дополнительным образованием в Костанайской области составил 37 185 детей - это 33,3% от школьников всего региона. Дети занимаются спортом, участвуют в творческих кружках, развиваются технически и интеллектуально. Между тем, невероятно активным стало театральное движение среди детей. В рамках республиканского проекта «Дети и театр» ребятам представилась возможность посещать различные театральные постановки. Новый виток приобрело дебатное движение. В школах всего региона активно развивается военно-патриотическое направление, открываются и пополняются музеи различных направлений, процветает техническое моделирование и робототехника.

Наблюдая неподдельный интерес и рост спроса на кружки этих направлений, Региональный центр психологической поддержки и дополнительного образования управления образования Костанайской области оказывает большую поддержку школьникам. Во-первых, в этом году было организовано множество творческих и интеллектуальных конкурсов с хорошими призовыми фондами. Во-вторых, благодаря поддержке спонсоров были реализованы общественно-значимые проекты. Например, открылись 10 кабинетов поддержки инклюзии в двух городах и шести регионах области.

В деле воспитания детей очень важно стимулировать труд ребенка, то есть правильно его мотивировать. Любые идеи, стремления должны находить отклик в лицах старших наставников, будь то родитель, учитель или просто старший товарищ. Ведь если поставлены цели, а результат очень заманчивый – невольно хочешь достигнуть его и получить заветную награду. В мае наш Центр провел областной конкурс «Школа глазами детей» в рамках Года детей. В конкурсе принимали участие организации среднего образования, победители городских, районных этапов конкурса из 17 районов области. По условиям конкурса социальный проект должен быть реализован на территории одной школы, направлен на улучшение объектов инфраструктуры школьной среды, сумма проекта не должна превышать 3 000 000 тенге.

Лучшими стали три проекта: «Парк» (развитие инфраструктуры), КГУ «Основная школа имени Айсы Нурманова Жангельдинского района, Коворкинг – зона «DEMALYS-TIME» (Комплексный социально-культурный проект), КГУ «Общеобразовательная школа №6» города Лисаковска, проект «Покорение высоты» (Спортивно-туристское), КГУ «Первомайская общеобразовательная школа Мендыкаринского района».

На сегодняшний день все проекты-победители воплощены в жизнь и уже функционируют в указанных школах. Реализация проектов дала возможность лидерам детского школьного самоуправления проявить свои лидерские способности: ребята разрабатывали проект, делали расчеты, придумывали дизайн, реализовывали. Их мечты об улучшении школьного пространства полностью сбылись!

В день празднования дня города Костаная дети были центром притяжения. На центральной площади нашим Центром был организован областной баттл «Just Dance-2022». Участниками финального баттла стали танцевальные коллективы учащейся молодежи общеобразовательных школ, ТиПО и организаций дополнительного образования крупных городов и Костанайского района. В итоге 4 команды-победительницы мастеров уличного танца получили денежные призы.

С начала года в Костанае завершено строительство Ледового дворца на 2 500 мест и бассейна олимпийского класса на 300 мест, введена в эксплуатацию общеобразовательная школа на 320 мест в поселке Карабалык. В областном центре открылись частные школы «QAZBILIM», лицей с углубленным изучением государственного языка на 280 мест и KAZGUU SCHOOL на 520 мест с уникальной образовательной программой бизнес образования и углубленным изучением английского языка.

Для привлечения детей в

научную деятельность, в Костанае ведется строительство Смарт-центра на 1 300 мест, сдача которого планируется на 2023 год. Его деятельность будет направлена на развитие инновационных кружков, таких как кабинеты аквапоники и гидропоники, агролаборатория, химико-техническая и физико-техническая лаборатории, кружок возобновляемых источников энергии (научно-биологическое направление), начальное техническое моделирование, компьютерные классы 3D печати, 3D моделирования и 3D сканирования, кружок авиамоделирования, компьютерный класс программирования, классы инженерии и робототехники, игротека, кружок виртуальной реальности, кружок программирования радио SDR (IT направление), гончарного дела, ландшафтного дизайна, классы видео и фотомонтажа, актерского мастерства, режиссерского искусства (художественно-эстетическое направления), а также студии ИЗО, вокала, языковые кружки. В Смарт-центре будет зрительный зал на 300 мест.

Вся эта работа направлена на привлечение детей к дополнительному образованию и нацелена на мотивацию к достижению высоких результатов, которых в таких условиях будет легче добиться.

Очень важный аспект в многогранной работе, посвященной Году детей, – улучшение качества инклюзивного образования. К примеру, в Костанайской области в системе дошкольного воспитания и обучения коррекционной поддержке в рамках инклюзивного и специального образования в 188 учреждениях получают 489 воспитанников с особыми образовательными потребностями, в дополнительном образовании инклюзивным обучением охвачено более 200 детей.

С сентября этого года в Житикаринском районе осуществляет свою работу социальный проект «Шығармашылықпен өмір сүру». Цель проекта – внедрение активных форм работы, позволяющих организовать содержательный досуг и развитие детей с инвалидностью. В рамках проекта будет проведено 18 творческих занятий, итогом работы будет организация выставки творческих работ детей с инвалидностью. Проект «Шығармашылықпен өмір сүру» стал важным звеном многолетнего сотрудничества Житикаринского Дома детского творчества и Отделения дневного пребывания детей с инвалидностью.

В Доме творчества детей и юношества Сарыкольского района в программу инклюзивного обучения

дополнительному образованию включены различные виды творчества: изобразительное искусство, аппликация из бумаги, лепка из соленого теста, поделки из природного материала, поделки из бумаги и ниток. Дом творчества тесно сотрудничает с кабинетом психолого-педагогической коррекции и проводит совместные мастер-классы.

В детской школе искусств Житикаринского района дети обучаются игре на музыкальных инструментах, что способствует развитию мелкой моторики рук. В процессе обучения укрепляется мышечная ткань, так как музыкальный инструмент является своеобразным тренажером. В классе специальности учитель работает по индивидуальному подходу к каждому ребенку, благодаря чему занятия проводятся по мере усвоения материала. На уроках используют приём частого повторения игры какой-либо фразы музыкального произведения, пока она не станет автоматической. В то же время в лечебном направлении происходит невольная работа мышц и мелких суставов. Неоднократные повторения вселяют уверенность в собственные силы, укрепляют самооценку и развивают мелкую моторику.

В Доме детского и юношеского творчества Мендыкаринского района в кружках социально-педагогической и декоративно-прикладной направленности занимаются 10 обучающихся. За период посещения у ребят имеются положительные результаты по итогам участия в конкурсах различного уровня.

В Школе технического творчества города Костаная обучается 5 ребят с особыми образовательными потребностями. Детей с задержкой психического развития педагоги привлекают к участию в больших масштабных проектах школы, а проектная технология в свою очередь становится наряду с игровой, наиболее используемой.

Как психолог, могу сказать, что социализация и обучение детей с ограниченными возможностями здоровья в современном обществе не становится менее актуальной, ее злободневность только возрастает. Приоритетной задачей сегодняшнего дня в инклюзивном образовании является усиление внимания к проблемам социализации и интеграции в общество лиц с особенностями психофизического развития, а также к созданию целостной системы психолого-педагогического сопровождения.

Быть не просто рядом с детьми, а быть вместе. В нашей области – это одна из ключевых идей дополнительного

образования: пожелания детей и их предложения всегда находят отклик в наших сердцах, а возможности — в делах. К примеру, в апреле этого года прошел необычный дебатный турнир, о котором до сих пор вспоминают с теплом. По многочисленным просьбам родительской общественности мы провели областной дружеский дебатный турнир между родителями, учениками и педагогами на тему: «Школа-родители-дети, вместе с независимым Казахстаном!».

Этим турниром мы хотели объединить детскую, родительскую и педагогическую общественность, создать единое позитивное пространство, формирующее у учащихся способность творчески и критически мыслить.

К трибунам вышли родители, чье детство тоже когда-то сопровождалось играми в дебаты, но были и те, кто впервые решил опробовать свои силы. Наблюдая за каждой игрой, было видно, как раскрывались игроки и как каждая последующая игра придавала им уверенности и профессионализма в аналитике и подборе аргументов. По словам родителей, было страшно, в победу не верили, но попробовать посоревноваться с собственными детьми и их педагогами все же было интересно. С самого начала команда родителей была убедительна в своих выступлениях, но борьба за первое место продолжалась до самого последнего аргумента.

Воспитанники художественной школы им. Никифорова города Костаная весь год были задействованы в интереснейших мероприятиях городского уровня. В апреле состоялось одно из ярких событий не только для школы, но и города – областная выставка работ учащихся и педагогов школы в областной картинной галерее с одноименным названием проекта

«Дети рисуют Мир». На выставке было представлено около 130 работ учащихся в возрасте 9-16 лет, в различных видах изобразительного искусства: живопись, графика, скульптура, декоративно-прикладное искусство. Основу экспозиции составили дипломные работы выпускников в широком диапазоне изобразительных техник и мотивов: пейзажи родного края, традиции казахского народа, портреты выдающихся просветителей, казахские легенды и даже освоение космоса. Зрители отметили высокий уровень работ и глубину передачи образов.

День защиты детей, конечно же, стал самым ключевым праздником Проекта. Около 450 учащихся художественной школы приняли самое активное участие на различных площадках городского мероприятия «Я вижу мир». Так, подготовительные классы стали участниками рисунка на асфальте. А вот ребята постарше, учащиеся 4-го класса, разрисовывали огромный баннер в центре площади областного акима, изображая маркерами «Волшебный мир детства». Там же, на площади, в уютной полу юрте разместилась экспозиция с работами наших учащихся и мастер-классами в техниках декоративно-прикладного творчества «войлок» и «батик». Не оставила равнодушными горожан и выставка-пленэр учащихся нашей школы, которые разместились с мольбертами в центральной аллее сквера с «живыми» зарисовки праздника.

На сегодняшний день работу организаций дополнительного образования и мероприятий, посвященных Году детей в Костанайской области (45 организаций), контролирует наш Региональный центр психологической поддержки и дополнительного образования. Ежедневно мы публикуем познавательные материалы о наших детях, их деятельности в ОДО, победах и достижениях. С начала года выпущено более 20 000 постов, посвященных детях под эгидой Года детей и в рамках прозрачности и открытости их деятельности. Материалы транслируются на официальных сайтах Центра, а также страницах в социальных сетях.

Ну и конечно, в Год детей наш Центр стал своеобразным эпицентром событий, где мы не только проводим и освещаем мероприятия, а показываем все то лучшее, что делается в каждом уголке области во благо детства.

И в заключение, пожалуй, хотелось бы сказать, что реализация Года детей в Костанайской области действительно находится на особом контроле правительства. Очень много позитивного уже сделано. Но ещё больше предстоит сделать и очень важно, чтобы поставленная планка с наступлением следующего года не снижалась, а напротив, была выше предыдущей.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДАҒЫ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

С.О. Өмірбаева
Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы «Облыстық жас туристер станциясы» КММ директоры

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі басқаруын, шығармашылығын дамыту, олардың қабілетін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді» деп көрсетілген.

Өмір ағымы үнемі дамып отырған шақта ақыл-ойы озық, білімі мен білігі жоғары, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу қажеті күн өткен сайын артып отыр. Жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытуды үйлестіруші қосымша білім беру ұйымы ретінде Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» мекемесінің атқарып отырған еңбегі ерекше.

2022-2023 оқу жылында «Түркістанның жаңғыруы – жаһандық бәсекеге қабілет және жас ұрпақтың жаңа болмысын қалыптастыру» атты әдістемелік тақырыпты басшылыққа алып, түрлі шаралар ұйымдастыру көзделіп отыр. Мекеменің ұстанып отырған саясаты – балаларға қосымша білім беру және тәрбиелеу процесінде қоғам мен мемлекеттің, жеке тұлғаның мүддесі үшін түрлі педагогикалық тың бастамаларды игеру.

Мекеме 1953 жылы Шымкент қаласындағы облыстық «Оқушылар үйінде» туристік бөлім ретінде ашылып, 1957 жылы балалар туристік-экскурсиялық базасы ретінде дербес бөлініп шыққан соң, атауын «Жас туристер станциясы» деп өзгертті. Облыс орталығының Түркістан қаласына көшірілуіне байланысты қазіргі таңда «Облыстық жас туристер станциясы» Түркістан қаласында қызметін жалғастырып жатыр.

Жас саяхатшылар станциясы туристік-өлкетану қызметінде Түркістан облысының тарихын, мәдениетін кешенді оқып-үйрену мақсатымен археологиялық, тарихи және монументалды ескерткіштерге арналған және Батыс Тянь-Шань бойынша туристік-экскурсиялық бағыттар әзірлеген. Осы бағыттар бойынша ұйымдастырылған туристік іс-шараларға, экскурсияларға қатысқан оқушылардың саны жыл сайын артып келеді.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді жоспарлаудың бір түрі – далада шатыр тігіп, балалар лагерін ұйымдастыру.

Даладағы шатырлы лагерлерді ұйымдастыру арқылы оқушылардың туристік-өлкетану және экскурсиялық, дене шынықтыру, сауықтыру қызметін, табиғатты қорғау және экологиялық жұмыстарын, балалар мен жасөспірімдердің бірлескен еңбегі мен демалысына керек жағдай жасауға мүмкіндік ашады.

Жазғы маусымда Төле би ауданы, Біркөлік шатқалындағы «Робинзон»

туристік шатырлы лагерінде жетім, жартылай жетім және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына ұйымдастырылған демалыс лагерінде үйірмеге қатысушылар туристікептіліктері мен машықтарын қалыптастырады, қосымша экологиялық білім мен тәрбие алады. Балалар көпшілік арасында өзін ұстауды, өзгенің құқын құрметтеуді, түрлі қиындықтарды жеңе білуді үйренеді. Біркөлік шатқалының кербез сұлу табиғатына елітіп, құтты мекеннің саф ауасын, мөлдір суын бойына сіңіре жұтқан балалар тазалық пен адалдыққа, әсемдік пен сұлулыққа іңкәр болып, балдәурен балалық шағының ұмытылмас шағын өткізеді.

Жас саяхатшылар станциясы балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға байланысты мынадай іс-шаралар ұйымдастырып өткізеді:

1. Оқу-тақырыптық саяхаттар: «Ежелгі Отырар қаласына саяхат», «Ұлы Жібек жолы бойымен», «Түркістан өлкесінің тарихы».

2. Біркөлік, Сайрамсу, Қасқасу, Машат шатқалдарына сауықтыру жорықтары.

3. Тянь-Шаньнің батыс, солтүстік, орталық бөліктерінің және Алтай, Памир тауларына бағыттар бойынша жаяу жүру жорықтары.

4. Альпинизм, тау және су туризмі элементтеріне сүйенген әсерлі бағыттар.

5. Боралдай, Ақсу, Өгем, Сырдария өзендері бойынша су туризмі бағыттары.

6. Жас альпинистердің шыңды бағындыру жөнінде оқу-жаттығу жиындарының алпиниадасы.

7. Спорттық дәрежені орындауға арналған спорттық жарыстың алпиниадасы.

8. Оқушы жастардың туристік дайындығын байқау мақсатындағы оқу-жаттығу жорықтарының турнадасы.

9. Ғылыми-танымдық турлар және экспедициялар.

10. Далалық туристік лагерлер және балалар туризмінің түрлері бойынша өлкетану қызметі бағытында

(тарих, этнография, экология, археология) туристік базалары.

11. Түркістан облысы аумағында тұратын халықтардың тарихын және мәдениетін оқытып-үйрететін этнографиялық экспедициялар.

12. Облыстағы экологиялық апатты аймақтарға кәсіптік рейдтер, зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру.

13. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, мұрағат ісі және оқушыларға экологиялық білімі мен тәрбие беру бойынша ғылыми-тәжрибиелік конференциялар өткізу.

14. «Атамекен» өлкетану туризміне қатысушы жас өлкетанушылардың слёттері, фестивалдері, олимпиадалары, конкурстары, марафондары, көрмелері.

Осы аталған оқу-тақырыптық және сауықтыру экскурсияларын қала, аудан мектептеріндегі оқушылардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру және денсаулығын нығайту мақсатында жас саяхатшылар станциясының туристік-экскурсия бөлімі ұйымдастырады.

Қазір «Облыстық жас туристер станциясында» және оған қарасты қала, аудандық мекемелерде **6 мыңнан** аса бала үйірмеге қатысып жүр.

Мекеме жоспары бойынша оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында бөлімдердің қосымша білім беру педагогтері мен үйірмеге қатысушылары жазғы сабақ кестесіне сәйкес түрлі іс-шараларға қатысады. **Жазғы іс-шараларды ұйымдастырып өткізгендегі мақсат** – үйірмеге қатысушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау

және нығайту, жеке ақыл-ой санасын, өлкені танып, білуге қызығушылығын арттыру, балалардың жазғы сауықтыру демалысын тиімді және мазмұнды ұйымдастыру, патриоттық тәрбие беру, оқушылардың денсаулығын жақсарту, табиғат заңдылығын түсіне білуге тәрбиелеу, туристік тұрмысты дала жағдайында ұйымдастыруды үйрету.

«Облыстық жас туристер станциясы» биылғы Балалар жылы аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырған болатын. Сол жазғы іс-шаралардың бірқатарына қысқаша тоқталып өтсек дейміз.

«TURAN-BALAFEST» онкүндігінде өткен «Балалар – еліміздің болашағы» батпырауық фестивалі

Биылғы 28 мамыр күні Түркістан облыстық Конгресс холл аумағында «Балалар – еліміздің болашағы» атты батпырауық фестивалі өтті. Фестивальдің мақсаты – Түркістан облысында балалар туризмінің дамуына үлес қосу, ашық ауада өткізілетін іс-шараларды танымал ету, әлемдік экотуризм бағытындағы ралли жобаларды өңірімізге тарту, үйірмешілердің қызығушылығын экотуризмге аудару. «Балалар – еліміздің болашағы» батпырауық фестиваліне барлығы 110 бала қатысқан. Бұл шара «TURAN-BALAFEST» онкүндігі аясында ұйымдастырылған. Осы онкүндік аясында бұдан бөлек «Туған жер» фото және бейне челлендж конкурсы, «Жасыл сақшы» балалар және жасөспірімдер ұйымының туристік-экологиялық слеті, «Жас құтқарушы» облыстық туристік жарысы өткен. Бұл шаралар туралы да кеңірек айтатын боламыз.

Әлеуметтік желілердегі «Туған жер» фото және бейне челлендж конкурсы

Оқушылар арасында «Туған жер» тақырыбында фото және бейне-челлендж конкурсын ұйымдастыра отырып, өскелең ұрпақты туған жердің ең көрікті жерлері мен сұлу табиғатын көркем бейнелей білуге тәрбиелеуді мақсат еткен конкурс 2022 жылғы 24 мамыр күні өткен.

Конкурсқа «Облыстық жас туристер станциясының» туристік-экология, туристік-спорттық, туристік-экскурсия және туристік-өлкетану, археология бөлімдерінің

үйірмешілері, жалпы саны 60 оқушы қатысқан.

Әр бөлімнің үйірмешілері ережеге сәйкес 2 номинация бойынша туған жерлері жайлы фотосуреттер мен бейнероликтер дайындап, бөлімдер арасында челлендж жолдап, оларды жетекшілері әлеуметтік желіге жүктеген.

«Жасыл сақшы» балалар және жасөспірімдер ұйымының туристік-экологиялық слеті

Балалар мен жастарды азаматшылдық пен отаншылдық сезімдеріне тәрбиелеу, ел игілігі үшін ерікті еңбек идеяларын, экспедициялық жасақтардың экологиялық қызметін жандандыруды мақсат еткен шараға 110 бала тартылған. Слетке салауатты өмір салтын насихаттайтын «Жасыл сақшы» балалар және жасөспірімдер ұйымы мұрындық болған.

«Жас құтқарушы» облыстық туристік жарысы

«Облыстық жас туристер станциясы» мен Түркістан облыстық Төтенше жағдайлар департаменi бірлесіп, Түркістан облысы, Төле би ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан туристік лагерьде мектеп оқушыларының **«Жас құтқарушы»** облыстық туристік жарысын өткізді. Жарыс оқушылардың туристік ептіліктері мен шеберліктерін арттыру, үздік туристік топтарды анықтау, құтқару жұмыстарын үйрету, төтенше жағдай кезінде зардап шеккен жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету мақсатында ұйымдастырылған.

2022 жылғы 24–27 мамыр аралығында өткен шараға Түркістан облысының Сарыағаш, Арыс, Келес, Қазығұрт, Сайрам, Төле би, Түркістан, Түлкібас, Созақ, Отырар аудан, қалаларынан 110 оқушы, 30 жетекші қатысқан.

«Жас құтқарушы» республикалық туристік-спорттық жарысы

2022 жылғы маусым айында ҚР Ақмола облысының Көкшетау қаласындағы Мәлік Ғабдулин атындағы Азаматтық қорғау академиясында ҚР

Төтенше жағдайлар Министрлігінің «Жас құтқарушы» республикалық слеті өтті. Түркістан облысының «Облыстық жас туристер станцисына» қарасты Төле би аудандық мекемесінің үйірмешілері – «Өрт эстафетасы», «Визит карта», «Медициналық дайындық» номинациялары бойынша «жақсы» деген көрсеткіш көрсетіп, ал «Суда құтқару жұмысы», «Жауынгерлік қанат жаю эстафетасынан» үздік нәтижеге жеткен.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слеті

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық жас туристер станциясының» үйірмешілері «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінде «Жас өлкетанушы» номинациясының «Халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптар мен мәдениет» бағыты бойынша II дәрежелі дипломымен Тастанқұлова Махаббат марапатталды. Жеңімпаз оқушыны дайындаған – жетекшісі туристік-археологиялық өлкетану бөлімінің ҚББП-ы Егембердиева Жанар Мұратқызы. Ал «Туған өлке соқпақтары» бағыты бойынша II дәрежелі дипломмен Жұмабай Жансезім марапатталған. Жансезімнің жетекшісі – туристік-археологиялық өлкетану бөлімінің ҚББП-ы Ысмайлова Оразкүл Жұматбекқызы.

«Туған өлкенің тарихы – мәдени нысандарына экскурсия ұйымдастыру әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы оқу-танымдық көшпелі семинары

Оқу-танымдық көшпелі семинар 2022 жылғы 9 маусымда Отырар ауданында өткен. Семинарға қатысушылар «Отырар мемлекеттік ареологиялық музей-қорығының» ұйымастыруымен өткен республикалық қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесін тамашалап, семинардың екінші бөлімінде қатысушылар «Көне Отырар» қалашығына саяхат жасап, Арыстан баб кесенесіне ат басын тіреді.

Осы орайда «Облыстық жас туристер станциясы» және Түркістан облысы Рухани жаңғыру

1 из 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Балалар жылы 2022

II дәрежелі
Диплом

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінде «Жас өлкетанушы» номинациясының «Туған өлке соқпақтары» бағыты бойынша жеңімпаз

Жұмабай Жансезім

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор Р. Шер

Астана, 2022 жылы қыркүйек Д-3156

жобалық кеңсесінің басшысы Сейдәзім Айдар Бастарбекұлы Елбасының «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында өткізілетін іс-шараларды бірлескен түрде өткізу, туристік-өлкетану жұмыстарын жандандыру, киелі жерлердің тарихын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру, сондай-ақ тәжірибе мен ақпараттарды бөлісу, семинарлар мен кездесулерді бірлесіп өткізу туралы Меморандумға қол қойғанын және осы меморандум аясында бірлесе отырып, жыл бойы түрлі шара өткізгенін айта кеткен жөн.

Қорыта айтқанда, жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірі қуаныш пен шаттыққа толы болуды үйрету – біздің қасиетті парызымыз. Нағыз ұстаз бейнесін Әбу Насыр әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді».

Осындай ұстазға тән мінез-құлық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер абзал азамат болары сөзсіз.

Киелі Түркістан топырағы – арғысы Ахмет Яссауи бабамыздан бастап, талай хандарымыз бен би-сұлтандарымыздың, батырларымыздың табаны тиген киелі мекен. Бүгінде рухани астана әрі Түркістан облысының жаңа орталығына айналған Түркістан қаласында тарихи-мәдени туризмнің дамуына, оның ішінде балалар туризмін дамытуға үлес қосу – баршамыздың басты міндетіміз.

«КҮЛТЕГІН» ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ – *Түркістан жастарын білімге баулыған телебағдарлама*

Эльмира Дуланқызы Асқарова
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облысытық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің директоры

Мектеп қабырғасында жүрген әр баланы білімді, өнерлі, дарынды етіп тәрбиелеу – қазіргі заманның басты мәселесі әрі талабы. Білімді ұрпақ ел болашағы деп білеміз, соған сай жас өрендердің сапалы білім алып, зерек болуына жағдай жасау – біздік міндет.

Жыл басында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялап, оларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек деп, осы бағытта жұмыс істеуге тапсырма берген болатын.

Бала бойындағы дарынды, қабілетті тану, оны алға шығару, ұмтылдыру – уақыт талабы.

Осыған сәйкес «Балалар жылы» аясында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы алғаш рет 2022 жылы жалпы білім беру ұйымдарының 9-10 сынып оқушыларына арналған «Күлтегін» зияткерлік телебағдарлама ойынын ұйымдастырып, телеарнадан таратуды жолға қойған болатын. «Күлтегін» зияткерлік телебағдарлама ойынының түсірілімі TURKISTAN TV телеарнасында өтеді және қыркүйек айынан бастап аптасына бір рет көрсетіліп келеді. Сонымен қатар осыған дейін шыққан бағдарламаларды Түркістан телеарнасының Youtube

видеоплатформасындағы арнасынан да көруге болады. Бағдарламаның жалпы ұзақтығы 35-45 минут.

Бағдарлама атауын «Күлтегін» деп атауының да өзіндік себебі бар. Күлтегін – түркі халықтарының әскери жетекшісі және қолбасшысы. Шығыс Түрік қағанатының мемлекет қайраткері, Білге қағанның кеңесшісі. «Көк түріктің көк семсері» атанған қолбасшы көшпенді түркі тайпаларды бір ту астына біріктірген. Күлтегін қаған жайлы тасқа қашалып жазылып, бізге жеткен «Күлтегін» атты Орхон-Енисей жазбаларына жататын өте құнды жазба бар.

Әйгілі қаһарман 685 жылы Орхон өзенінің жағасында дүниеге келген. Өз заманында Күлтегіннің қаһарына шыдас берер, батырдың қылышына қарсы тұрар ешкім болмаған деседі. Оғыздар, қырғыздар, соғдылар, қытайлар және өзге халықтардың әскерін бағындырып, өз империясына қосқан. Он жасында-ақ сарбаздар қатарына қосылған. Он алты жасында қол бастап, ерлігімен, ақылымен көзге түскен. Он бес жыл ел басқарып, қырық жеті жасында дүние салады. Ол ел басқарған он бес жылда ел бақытты, бейбіт өмір сүрген дейді тарихи құжаттар бетіндегі деректер. Бұл қаза ағасы Білге қағанның ғана емес, дүйім түркі жұртының қабырғасын қайыстырған екен, төрткүл дүниеден ел жиылып, батырын ауырлап жерлеген соң, інісінің құрметіне Білге қаған тасқа қашап жыр жазыпты. Сол жыры бүгінде бізге ескерткіш болып жетіп отыр. Бағдарлама басталарда да осы руна жазуымен жазылған, арғы тарихымыздан сыр шертер асыл мұрамызды көрсеттік, себебі жас көрермен көре-көре түп тарихымызды ұмытпай, жадында сақтайтын болады.

Тарих тек белгілі бір халықтың өткені, бастан өткерген оқиғаларының хронологиясы емес. Тарих дегеніміз – түп тамыр, сіз бен біздің өткеніміз

және тұнып тұрған тәрбие. Француз тарихшысы Жозеф Ренанның «Тарих дегеніміз – бір халықтың тек қана еркіндікке қарай ұмтылысының тарихы ғана емес, сол халық тәрбиесінің де тарихы» деген сөзі осы орайда еске түседі. Иә, жас ұрпақты тарихпен сусындата отырып, мықты тәрбие бере аларымызды осыдан-ақ білсек болады. Зияткерлік телебағдарлама ойынының атын «Күлтегін» батырдың есіміне арнап қойған себебі мен мақсаты да осыдан шығып отыр. Осы орайда бағдарлама мақсаты мен атауынан, жалпы көздеген мұратынан жаңылыспадық деген ойдамыз.

Әрі қарай балалардың білімін таразыға салып, одан әрі оқуға, ізденуге деген талпынысын арттыратын зияткерлік телебағдарламаны жете таныстырып кеткеніміз жөн болар. Ең алдымен, ойынның мақсатына тоқталып өтсек дейміз. Сонымен, бағдарламаның көздеген мақсаты мынадай:

- оқушылардың көшбасшылық қасиеттері мен сыни ойлау дағдысын

дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге және шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасау, әрі қарай арттыруына мүмкіндік беру;

- дарынды оқушылармен жасөспірімдердің әлеуетін одан әрі дамытып, интеллектуал, өзіне сенімді, дені сау, физикалық тұрғыда және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеп, логикалық ойлау қабілетін дамыту;

- шапшаңдыққа, дұрыс шешімді жылдап әрі тиімді қабылдап үйретуге дағдыландыру.

Осы мақсатқа жету жолында ойын барысын барынша қызық, танымдық маңызын арттырып отыруға тырыстық. Бағдарлама ережесін түзу барысында негізгі мақсатқа жеткізетін жолдарды әбден ойластыра келе, ойын төрт айналымнан тұратын болды. Ойынға үш команда қатысады.

Бірінші айналым «Дарабоз» деп аталады.

Оқушыларға бір минут уақыт беріліп, осы уақыт ішінде оларға 15 (он бес) сұрақ қойылады. Команда осы уақытта қанша сұраққа жауап беріп үлгергеніне қарай ұпай саны есептеледі, әрине барлық сұраққа жауап беріп үлгергені өте маңызды. Әрбір дұрыс жауапқа 10 (он) ұпай беріліп, он бес сұраққа түгел жауап берген жағдайда 150 ұпай жинайды.



Екінші айналым – «IQ – Дода». Балалардың интеллектуалдық қабілет деңгейі додаға түсетін айналымдағы сұрақтар да барынша салмақты болады. Led экранға 12 ұяшық шығады. Әр команда төрт ұяшықтан таңдап, жасырылған сұрақтарға жауап береді. Сұраққа дұрыс жауап берсе, әр команда мүшесі сол ұяшықта көрсетілген ұпай санын команда коржы қосады.

